

Созақ ауданының кейбір елді мекендерін есепті деректерден шығару туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 24 наурыздағы № 65 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 30 наурызда № 4002 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 18 қазандағы № 275 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 18.10.2023 № 275 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12-бабына сәйкес, Созақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округінің Теріскей елді мекені, Созақ ауылдық округінің Шақырық елді мекені және Құмкент ауылдық округінің Қызылқанат елді мекендері есепті деректерден шығарылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Әлмағанбетке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтүзбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Исаев